7	Омарова Г.С.	география	I
8	Исаева Д.А.	физика	II

«Тілім барда мен тірімін, мәңгімін...» тақырыбы бойынша мұғалімдер арасында эссе байқауы

№	Мұғалімнің аты-жөні	пәні	орын
1	Чен С.А.	орыс тілі және әдебиеті	гран-при

Мұғалімдерге арналған «Үздік сабақ жоспары» байқауы

№	Мұғалімнің аты-жөні	пәні	орын
1	Хван Т.И.	тарих	I
2	Мирзаева К.Э.	қазақ тілі және әдебиеті	II

«Зерде» ғылыми-зерттеу конференциясы

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Қалалық	Республикалық	Жетекші
1	Жалыбин Глеб Львович	3-Г	1 орын	Сертификат	Бажанова С.Г
2	Лейко Захар Кириллович	4-Б	Алғыс хат		Клепикова Л.В.
3	Мухидинова Сабрина Бахрамовна	3-Г	Мақтау қағазы		Жакыпова А. Р.
4	Серік Асылдай Көлбайқызы	7-А	Мақтау қағазы		Сахова А.Б.

Республикалық ғылыми-зерттеу конференциясы

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	пәні	Қалалық кезең	Республикалық кезең	Жетекші
1	Фирсов Дарий	10-А	физика	II	III	Хайруллаева А.А.
	Унтан давид	10-А	физика			
2	Белякова Алина	10-А	ағылшын тілі	III		Абдуллаева А.П.

**Республикалық ғылыми-практикалық орталығы:
«Ғылым мен жастар-табысты болашақтың сенімді кепілі»**

№	Оқушының аты-жөні	Орын	Сыныбы	Мұғалімнің аты-жөні
1	Шапран Дмитрий	2	3-Г	Бажанова С.Г.

«Ғылым әлемі балалардың көзімен» республикалық ғылыми-практикалық орталығы

№	Оқушының аты-жөні	Орын	Сыныбы	Мұғалімнің аты-жөні
1	Шапран Дмитрий	1	3-Г	Бажанова С.Г.

«Ағылшын тілі бойынша «КИО» Республикалық олимпиадасы» байқауы

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Орын	Мұғалімнің аты-жөні
1	Кадырбекова Дилдора	9-Д	1	Чернышева Л.А.

Ағылшын тілінен «Кенгуру лингвисті» байқауы

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Орын	Мұғалімнің аты-жөні
1	Третьяков Владимир	2-В	1	Зобнина Н.И.
2	Попов Артем	2-В	1	Зобнина Н.И.
3	Рахымжан Амир	4-Ж	1	Зобнина Н.И.
4	Сангинова Лейсан	2-В	1	Зобнина Н.И.
5	Ережепова Аяна	2-В	1	Зобнина Н.И.
6	Федосова Анастасия	4-Д	1	Зобнина Н.И.
7	Нахипова Диана	9В	1	Шляхова О.А.

«ALTYN QYRAN» олимпиадасы

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Орын	Мұғалімнің аты-жөні
1	Зобнина Алиса	5-В	Гран при	Зобнина Н.И., Илясова З.А.
2	Галаев Святослав	4-Д	1	Зобнина Н.И.
3	Федосова Екатерина	4-Д	3	Зобнина Н.И.
4	Ахметова Регина	2-В	2	Зобнина Н.И.
5	Костин Виктор	4-Д	3	Зобнина Н.И.
6	Байжигитова Аяна	4-Г	2	Зобнина Н.И.
7	Крайняя София	8А	3	Котенко Л.А.

Конкурс «Болашақ»

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Орын	Мұғалімнің аты-жөні
1	Приданникова Ангелина	10-А	2	Котенко Л.А.
2	Приданникова Полина	10-А	2	Котенко Л.А.
3	Бойко Татьяна	10-В	3	Бурнашева З.Ш
4	Такбулатова Дана	10-Б	3	Гончарова И.И.
5	Полат Жасмин	7-В	Алғыс хат	Бекбердиева Д.Қ.
6	Бурякова Риана	6-А	2	Ахметова У.М.
	Багирян Лилия		2	
	Бажибаева Амели		2	

7	Раупова Ясмина	9-В	2	Бадирова К.Н.
---	----------------	-----	---	---------------

8	Ахмедова Анель	1-А	2	Боженова О.И.
9	Бегишев Таир	1-А	2	Боженова О.И.
10	Белоконь Богдан	1-А	3	Боженова О.И.
11	Далидёнков Захар	1-А	2	Боженова О.И.
12	Литошенко Екатерина	1-А	3	Боженова О.И.
13	Звериков Виктор	2-А	2	Махова Н.Г.
14	Рубан Алина	2-А	1	Махова Н.Г.
15	Тер-Саркисов Тимур	2-А	2	Махова Н.Г.
16	Чугунов Ратмир	2-А	2	Махова Н.Г.
17	Тиньгаева Ульяна	2-Б	2	Тарасова Н.В.
18	Ахметова Регина	2-В	2	Елунина Е. Г.
19	Рахметуллаев Расул	2-В	2	Елунина Е. Г.
20	Алымжанова Мехри	2-Д	2	Журба Н.В.
21	Серік Айдария	2-Е	2	Немеребаева А.Т.
22	Бахыт Раяна	2-Е	3	Немеребаева А.Т.
23	Халметова Алина	2-Е	2	Немеребаева А.Т.
24	Анучин Артем	3-В	3	Арыстанова Г.Н
25	Бунак Макар	3-В	1	Арыстанова Г.Н
26	Васильева Василиса	3-В	1	Арыстанова Г.Н
27	Мельникова Есения	3-В	1	Арыстанова Г.Н
28	Расулова Айлин	3-В	1	Арыстанова Г.Н
29	Шишкина Ева	3-В	1	Арыстанова Г.Н
30	Житенко Матвей	3-В	2	Арыстанова Г.Н
31	Калдыбек Имангали	3-В	2	Арыстанова Г.Н
32	Ковган Алиса	3-В	2	Арыстанова Г.Н
33	Лазутина Алиса	3-В	2	Арыстанова Г.Н
34	Механич Злата	3-В	2	Арыстанова Г.Н
35	Минжулина Мария	3-В	2	Арыстанова Г.Н
36	Шевченко Таисия	3-В	2	Арыстанова Г.Н
37	Верченко Полина	3-В	3	Арыстанова Г.Н
38	Досалы Акерке	3-В	3	Арыстанова Г.Н
39	Минжулина Стефания	3-В	3	Арыстанова Г.Н
40	Миракбаров Мирадиз	3-В	3	Арыстанова Г.Н
41	Ахмиров Илья	4-Ж	2	Фатун У.Г.
42	Ашрафова Аиша	4-Ж	3	Фатун У.Г.
43	Әмірхан Кемеңгер	4-Ж	3	Фатун У.Г.
44	Кураева Лиана	4-Ж	2	Фатун У.Г.
45	Сламихина Мария	4-Ж	3	Фатун У.Г.
46	Хасанов Жасулан	4-Ж	3	Фатун У.Г.

47	Тажибаев Тимур	11-А	Гран-при	Петренко Н.А.
48	Безверхая Диана	11-А	Гран-при	Петренко Н.А.
49	Приданникова Полина	10 «А»	Гран-при	Хван Т.И.
50	Приданникова Ангелина	10 «А»	Гран-при	Хван Т.И.
51	Крукиер Ангелина	10 «В»	Гран-при	Хван Т.И.
52	Нурлан Милана	10 «В»	Гран-при	Хван Т.И.
53	Раупова Таснима	10 «В»	Гран-при	Хван Т.И.
54	Фирсов Дарий	10 «А»	I орын	Хван Т.И.

55	Камбар Сейтжаппар	10 «А»	II орын	Хван Т.И.
56	Карибаев Әмірхан	10 «А»	II орын	Хван Т.И.
57	Мусийко Кира	10 «А»	II орын	Хван Т.И.
58	Катичев Сергей	10 «В»	III орын	Хван Т.И.
59	Кураев Музафар	10 «В»	III орын	Хван Т.И.
60	Мельников Данил	10 «Б»	III орын	Хван Т.И.
61	Тургунова Фарангиз	10 «Б»	III орын	Хван Т.И.
62	Полат Жасмин	7 «В»	II орын	Заплатина В. А.
63	Белоусов Дмитрий	7 «В»	II орын	Заплатина В. А.
64	Рыжкова Анастасия	7 «Е»	II орын	Заплатина В. А.
65	Миракбарова Малика	7 «А»	II орын	Заплатина В. А.

«Алтын Қыран» орыс тілінен Республикалық зияткерлік олимпиадасы

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Орын	Мұғалімнің аты-жөні
1	Тиньгаева Ульяна	2-Б	2	Тарасова Н.В.
2	Ахметова Регина	2-В	2	Елунина Е. Г.
3	Бабаев Селим	2-Г	2	Галиулина Е.В.
4	Белоконь Богдан	1-А	3	Боженова О.И.
5	Сапегина Кристина	1-А	1	Боженова О.И.
6	Пузаткина Вера	1-Б	1	Бажанова С.Г.
7	Атрёмов Владислав	1-Д	2	Кучер Е.В.
8	Передерева Вероника	1-Д	2	Кучер Е.В.
9	Юферова Арина	1-Д	3	Кучер Е.В.
10	Тиньгаева Ульяна	2-Б	2	Тарасова Н.В.
11	Шишкина Виктория	2-Б	1	Тарасова Н.В.
12	Миракбаров Мирадиз	3-В	3	Арыстанова Г.Н
13	Расулова Айлин	3-В	2	Арыстанова Г.Н
14	Пузаткин Владислав	3-Г	3	Бажанова С.Г.
15	Серік Айдария	2-Е	2	Немеребаева А.Т.
16	Грушенко Даниил	3-А	3	Галаева С.Н.
17	Чувилина Злата	3-А	2	Галаева С.Н.
18	Каракольчев Андрей	3-А	2	Галаева С.Н.
19	Ибишова Милана	3-А	2	Галаева С.Н.
20	Пузаткин Владислав	3-Г	2	Бажанова С.Г.
21	Болат Наири	3-Г	3	Бажанова С.Г.
22	Жалыбин Геб	3-Г	2	Бажанова С.Г.
23	Васильева Василиса	3-В	Гран-при	Арыстанова Г.Н
24	Механич Злата	3-В	Гран-при	Арыстанова Г.Н
25	Расулова Айлин	3-В	1	Арыстанова Г.Н
26	Болгова Таисия	3-В	2	Арыстанова Г.Н
27	Анучин Артем	3-В	2	Арыстанова Г.Н
28	Мельникова Есения	3-В	2	Арыстанова Г.Н
29	Миракбаров Мирадиз	3-В	2	Арыстанова Г.Н
30	Шишкина Ева	3-В	2	Арыстанова Г.Н
31	Баймуратов Дмитрий	3-В	3	Арыстанова Г.Н
32	Галаев Святослав	4-Д	2	Кучер Е.В.
33	Федосова Анастасия	4-Д	2	Кучер Е.В.
34	Карайняя Алёна	4-Д	2	Кучер Е.В.

35	Белоконь Богдан	1-А	3	Боженова О.И.
36	Сапегина Кристина	1-А	1	Боженова О.И.
37	Пузаткина Вера	1-Б	1	Бажанова С.Г.
38	Атремов Владислав	1-Д	2	Кучер Е.В.
39	Передерева Вероника	1-Д	2	Кучер Е.В.
40	Юферова Арина	1-Д	3	Кучер Е.В.
41	Тиньгаева Ульяна	2-Б	2	Тарасова Н.В.
42	Шишкина Виктория	2-Б	1	Тарасова Н.В.
43	Миракбаров Мирадиз	3-В	3	Арыстанова Г.Н
44	Расулова Айлин	3-В	2	Арыстанова Г.Н
45	Пузаткин Владислав	3-Г	3	Бажанова С.Г.
46	Черных Мария	4-Д	2	Кучер Е.В.
47	Костин Виктор	4-Д	3	Кучер Е.В.
48	Паречнева Белла	4-Ж	1	Фатун У.Г.
49	Ахметова Салиха	4-Ж	3	Фатун У.Г.

«Дебат» байқауы

1	Сыромятникова Изабелла	11В	2	Котенко Л.А
2	Павлова Алиса	11В	2	Котенко Л.А

«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Орын	Мұғалімнің аты-жөні
1	Зайцев Максим	7-Г	2	Бекбердиева Д.Қ.
3	Тажибаева Камила	8-А	3	Исаева Д.А
4	Тойшиева Милана	8-А	1	Исаева Д.А
5	Трофимов Кирилл	8-А	2	Исаева Д.А
6	Петрова Кристина	8-А	2	Исаева Д.А
7	Крайняя София	8-А	2	Исаева Д.А
8	Иванова Юлиана	8-А	1	Исаева Д.А
9	Лежнева Виктория	8-А	1	Исаева Д.А, Тажиметова С.Т
10	Иванова Ю	8-А	1	Козаренко Е.А
11	Тойшиева Милана	8-А	1	Козаренко Е.А
12	Трофимов Кирил	8-А	2	Козаренко Е.А, Тажиметова С.Т
13	Петрова Кристина	8-А	2	Козаренко Е.А
14	Крайняя София	8-А	2	Козаренко Е.А
15	Зайцев Максим	8-А	2	Козаренко Е.А
16	Тажибаева Камилла	8-А	3	Козаренко Е.А
17	Осина Марина	8-В	3	Козаренко Е.А
18	Бысова Екатерина	8-А	1	Черсунова Г.Н.
19	Иванова Юлиана	8-А	1	Черсунова Г.Н.
20	Трофимов Кирилл	8-А	2	Черсунова Г.Н.
21	Крайняя София	8-А	2	Черсунова Г.Н.
22	Лежнева Виктория	8-А	1	Черсунова Г.Н.
23	Осина Марина	8-А	3	Черсунова Г.Н.

24	Петрова Кристина	8-А	2	Черсунова Г.Н.
25	Тажибаева Камила	8-А	3	Черсунова Г.Н.
26	Карпенко Арина	9-А	2	Черсунова Г.Н.
27	Пономарев Илья	9-А	3	Черсунова Г.Н.
28	Мурзабаева Севилия	6-Е	2	Жайылмысова Э.А.
29	Нахипова Диана	9-В	2	Семыкина Л.И.
30	Бекбердиев Жанторе	9-В	1	Семыкина Л.И.
31	Мейрбекова Жасмина	9-В	3	Семыкина Л.И.
32	Ахметова Жасмина	10-В	2	Семыкина Л.И.
33	Банников Никита	7-А	I	Банникова О.М
34	Зайцев Максим	7-Г	II	Банникова О.М

35	Ахмедова Анель	1-А	2	Боженова О.И.
36	Бегишев Таир	1-А	2	Боженова О.И.
37	Белоконь Богдан	1-А	2	Боженова О.И.
38	Далиденок Захар	1-А	2	Боженова О.И.
39	Литошенко Екатерина	1-А	1	Боженова О.И.
40	Сапегина Кристина	1-А	2	Боженова О.И.
41	Юрковец Лина	1-А	3	Боженова О.И.
42	Акбарова Алина	1-В	1	Елунина Е. Г.
43	Волков Юрий	1-В	3	Елунина Е. Г.
44	Галимова Дарья	1-В	2	Елунина Е. Г.
45	Сергеева Арина	1-В	2	Елунина Е. Г.
46	Атремов Владислав	1-Д	2	Кучер Е.В.
47	Рубан Алина	2-А	1	Махова Н.Г.
48	Алланазарова Асал	2-Б	2	Тарасова Н.В.
49	Ким Алан	2-Б	2	Тарасова Н.В.
50	Мырзатаева Сания	2-Б	2	Тарасова Н.В.
51	Саркисова Аурика	2-Б	2	Тарасова Н.В.
52	Тиньгаева Ульяна	2-Б	2	Тарасова Н.В.
53	Шишкина Виктория	2-Б	2	Тарасова Н.В.
54	Сангинова Ляйсан	2-В	3	Елунина Е. Г.
55	Путков Елисей	2-Д	2	Журба Н.В.
56	Плямина София	2-Д	1	Журба Н.В.
57	Хамзина Дарья	2-В	2	Елунина Е. Г.
58	Ковган Алиса	3-В	2	Арыстанова Г.Н
59	Миракбаров Мирадиз	3-В	3	Арыстанова Г.Н
60	Ашрафова Аиша	4-Ж	2	Фатун У.Г.
61	Сакен Адина	4-Ж	3	Фатун У.Г.
62	Сламихина Мария	4-Ж	3	Фатун У.Г.
63	Жуман Көркем	3-Г	1	Жұмабекова К.Б.

Шымкент Француз Альянсының «Театр» байқауы

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Орын	Мұғалімнің аты-жөні
1	Оқушылар тобы	4А, 4В	«Ең жас ұжым» номинациясы	Сапаралиева А.А

Мұғалімдер арасындағы «Үздік авторлық жұмыс» байқауы

№	Мұғалімнің аты-жөні	пәні	орын
1	Шляхова О.А.	ағылшын тілі	1 орын
1	Исламова Ш.А.	ағылшын тілі	2 орын

«Ғылым әлемін ашу» Республикалық зерттеу жобаларының конкурсы Қызылорда қ.

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Орын	Мұғалімнің аты-жөні
1	Крайняя София	8-А	III	Сыропатова В.В.

Оқушылардың **білім сапасын арттыру** бойынша жұмыс мектеп-гимназия жұмысындағы басым бағыттардың бірі болып табылады. Оқу жылының соңында мектеп бойынша білім сапасы **51,82%** - құрайды, бұл өткен оқу жылынан **4,27%** - ға жоғары. Жыл бойы екпінді және үздік болуыға ынталы оқушылармен және олардың ата аналарымен мақсатты жүйелі жұмыс жүргізілді. Барлық пәндік ӘБ сабақ жүргізу әдістері мен тәсілдерін жетілдіруге бағытталған жұмыстар жүргізілді. Өткен оқу жылымен салыстырғанда оқушылардың білім сапасы төмендеген пәндер бойынша келесі жылы тақырыптық семинарлар өткізіледі.

Білім сапасын арттыру бойынша жұмыс екі бағытта жүргізіледі – оқуға деген ынтасы жоғары оқушылармен жұмыс және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс. Сынып жетекшілері әр оқушын және жалпы сынып бойынша тоқсан бойынша сапа мониторингін жүргізеді, динамиканың себептерін және өсу жолдарын анықтайды.

Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жоспарға сәйкес жүргізілді. Оған әдістемелік бірлестіктердің жұмысында және жалпы мектептің жұмысында үлкен көңіл бөлініп отырды. Мәселен, педагогикалық кеңесте «Оқушылардың білім сапасын арттыру бағдарламасын жүзеге асыру бойынша мұғалімдердің әдістемелік бірлестіктерінің жұмысы» мәселелері қаралды; әдістемелік кеңестерде – «Оқушылардың біліміндегі олқылықтарды жою бойынша жұмыстың ұжымдық және жеке нысандары мен әдістері» мәселесі; директор жанындағы кеңестерде «Үлгерімі төмен оқушылармен психологтардың жұмысы» (қараша), «Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс» (Наурыз), «Күзде қайта тапсыруға қалуы мүмкін оқушылармен жұмысты ұйымдастыру» (мамыр) сұрақтары қаралды. Білім сапасын арттыру бойынша жұмыс келесі оқу жылында да басымдыққа ие болады.

Оқушылардың білім сапасының өсуін ҰБТ қорытындысын көрсетеді. 106 оқушыдан 90 оқушы ҰБТ тапсырды, бұл 85% құрайды. Мектептегі орташа балл – 81,63 балл. Ең жоғары балл 123 (Хавазматов Маруф).

Мемлекеттік бітіру емтихандарының қорытындысы бойынша 9, 11 сыныптарда келесі оқушылар «Алтын белгі» және «Үздік» аттестат жетістіктерін растады:

	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	«Алтын белгі»	«Үздік»
1.	Хавазматов Маруф	11-А	+	
2.	Алишеров Ясмина	11-А	+	
3.	Сыромятникова Изабелла,	11-В		+
4.	Безверхая Диана	11-А		+
5.	Туякова Надира	11-А		+
6.	Бекбердиев Жантөре	9-В		+
7.	Вербицкая Ева	9-В		+

8.	Мейербекова Жасмин	9-В		+
9.	Нахипова Диана	9-В		+
10.	Абдахметова Асель	9-А		+
11.	Бурнашева Лилия	9-А		+
12.	Пономарёв Илья	9-А		+
13.	Струкова Ирина	9-А		+
14.	Баимбетова Айжан	9-А		+
15.	Абдугазизова Диана	9-Е		+
16.	Ниязметова Диана	9-Е		+

№20 мектеп-гимназиясының 2022-2023 оқу жылына арналған ғылыми - әдістемелік жұмыс жоспары орындалды.

Қорытынды:

Әдістемелік жұмыс мектептің білім беру процесінің барлық буындарын қамтиды, жүйелі, ойластырылған түрде жүргізіледі, оқушылардың білім сапасын жақсарту мақсатында әр мұғалімнің кәсіби және шығармашылық әлеуетін анықтауға және дамытуға бағытталған.

Мектеп-гимназияның педагогикалық ұжымы келесі оқу жылына бірқатар міндеттер қойып отыр:

- мектеп-гимназия шеңберінде гуманитарлық білім беру жүйесін құру бойынша жұмысты жалғастыру;
- әр мұғалімнің шығармашылық әлеуетін дамытуға ықпал ететін атмосфераны қамтамасыз ететін мектептің әдістемелік қызметінің моделін жетілдіру;
- мектептің психологиялық қызметі жұмысының тиімділігін арттыру;
- мектептің тәрбие жұмысын адамгершілік құндылықтар жүйесіндегі оқушыларын қалыптастыруға бағыттау.

2022-2023 оқу жылында атқарылған тәрбие жұмысының

8 бағыты бойынша жылдық жұмыс есебі

2022-2023 оқу жылы «Қайырымдылық жаса, қайырлы боласың» акциясымен басталып, мектебіміздің аз қамтылған отбасынан шыққан оқушыларға оқу жылына арналған киім және оқуға қажетті құрал-жабдықтар тапсырылды.

1 Қыркүйек - Білім күніне арналған салтанатты жиын өтті. Жиынға құрметті ардагер ұстаздар мен ата-аналар қатысты. Салтанатты жиынның алғы сөзін мектебіміздің директоры Дәрмен Дана Жүсіпқызы алып, барлық ұстаздар қауымын жаңа оқу жылымен құттықтап, мектеп табалдырығын алғаш аттаған балдырғандардың қадамдарына сәттілік тіледі. Мерекелік жиын мектеп оқушыларының концерттік бағдарламасымен жалғасын тауып, жаңа оқу жылының алғашқы қоңырауы соғылды. «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және патриотизм» тақырыбында білім күні үлкен мереке екенін балаларға жеткізіп, білімге деген құштарлығын арттыру, еліміздің білімді, тәрбиелі азаматын елжандылыққа тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылған іс-шара өз дәрежесінде өтті.

«Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында білім алушылармен бірге білімге ұмтылу, отаншылдық, еңбексүйгіштік құндылықтарының адам өміріндегі рөлін талқылау мақсатында бірыңғай сынып сағаты өткізілді. Білім алушыларға сыныптың жағымды

микроклиматын және жаңа оқу жылына жағымды көңіл-күй қалыптастыру үшін мектеп оқушыларына сынып жетекшілері тренингтер ұйымдастырды.

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «2022-2023 оқу жылына орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқаулық хаты негізінде келесі бейнероликтер тапсырылды.

- «Менің мектебім-ең керемет мектеп!», «Сәлем, жаңа оқу жылы», «Маған мектеп формасы ұнайды!» тақырыбында барлық сыныптар үшін

- Бірінші сынып оқушыларына арналған «Менің мектептегі алғашқы күнім»;

- 2-4 сынып оқушыларына арналған «Менің жарқын жазғы оқиғаларым»;

- 5-8 сынып оқушылары үшін – «Менің саяхатым»;

- 9-11 сынып оқушылары үшін – «Менің үлкен сыныптастарым», «Менің ойларым, армандарым, үміттерім»;

- Ата-аналар, 1 сынып оқушылары үшін – «Біздің мектептегі бірінші күніміз», «Бірінші сынып-өмірдің жаңа кезеңі»;

- Сынып жетекшілері үшін – «Жаңа оқу жылы құтты болсын, менің сүйікті сыныбым!» атты бейнероликтер мектебіміздің оқушылары арасында ұйымдастырылды.

1 қыркүйек Білім күніне «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында білім алушылармен бірге білімге ұмтылу, отаншылдық, еңбексүйгіштік құндылықтарының адам өміріндегі рөлін талқылау мақсатында бірыңғай сынып сағатын өткізу жалғасуда Білім алушыларға сыныптың жағымды микроклиматын және жаңа оқу жылына жағымды көңіл-күй қалыптастыру үшін мектеп оқушыларына сынып жетекшілері физикалық жаттығулар мен тренингтер өткізді.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің нұсқауына сәйкес 1 қыркүйек Білім күні мерекесіне орай Шымкент қаласы полиция департаменті тарапынан Тергеу және Анықтау салаларынан бөлінген қызметкерлер мектеп бойынша тезистік лекциялар жүргізілді. 01.09.2022 жылы Тергеу бөлімі бастығының орынбасары У.Ж.Бекбердиев мектебіміздің 9-11 сынып оқушыларына Полиция қызметкерлерімен қылмыстың алдын -алу мақсатында құқық бұзушылықтың зиянды жақтарын толық баяндап өтті.

Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына орай, 05.09-09.09.2022ж. аралығында ұйымдастырылатын «Ұлылықтың отын жаққан шырақ» тақырыбында қалалық іс-шаралар жоспары аясында 20 Титов атындағы мектеп-гимназиясында «Ұлылықтың отын жаққан шырақ» 8-10 сынып оқушылары арасында, ХХІ.басындағы қазақ халқының ұл-азаттық қозғалысының жетекшісі, ақын, публицист, қазақ тілі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы, ғалым, ұлттық жазудың реформаторы Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдық мерейтойына орай өткізілді

Республиканың барлық аймақтарында «Адалдық сағаттары» өтті. Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет» Шымкент қаласы бойынша департаменті республикалық мемлекеттік мекемесінің 2022 жылдың 18 тамызындағы №1-3/3556 хатының негізінде, Шымкент қалалық білім басқармасының «Әдістемелік орталығының» №1171 хатына сәйкес кең көлемде ұйымдастырылған тәрбие сағаттары Титова атындағы №20 мектеп-гимназиясында 5-11 сыныптар арасында өтті. Мақсат - өскелең ұрпақтың бойына сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, жастарды адалдыққа, парасаттылыққа тәрбиелеу.

Оқу- тәрбие жұмысының негізі ретінде оқушылардың бойында патриотизм сезімін қалыптастыру мақсатында , мектептің жұмыс жоспарына сәйкес, Қазақстан Республикасының Тілдер мерекесі күніне арналған 05.09 – 16.09.2022ж аралығында өтетін «Тіл – алтын қазына» атты іс – шара ұйымдастырылды. Іс- шараның мақсаты: өскелең ұрпақтың адамгершілік – патриоттық жауапкершілік сезімдерін ояту жас ұрпақты Отанын , елін , жерін сүюге тәрбиелеу. 2022 жылдың 6 қыркүйегінде өткен іс-шара аясында бастауыш сынып оқушылары өздері дайындаған тақырыптық қабырға газеттерін шығарды. Көптеген оқушылар іс – шараға қызығушылық танытып, белсенді қатысты. Мұндай іс – шаралар өскелең ұрпақтың бойында тілге, елге деген сүйіспеншіліктерін арттырып елжандылыққа жетелейтіні анық.

Қазақстан Республикасының тілдер мерекесі күніне арналған «Тілім барда – мен бармын» атты онкүндік аясында 8-қыркүйек күні Ғабиден Мұстафиннің туғанына 120 жыл толуына орай «Ғабиден Мұстафин – тілін сүйген ұлы жазушы» тақырыбында 5-7 сыныптар арасында танымдық сағат өтті.

Танымдық сағаттың мақсаты Ғабиден Мұстафин өмірі мен шығармашылығы туралы қосымша жаңа мәліметтер беру, оқушылардың білімдерін қолдана білуге дағдыландыру, ауызекі сөйлесу қабілеттерін дамыту, халықтың өткені мен бүгінгісін танып, білуге тәрбиелеу болды.

Жауаптылар қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Калчабекова А.Б., Мусабекова А.А., Сахова А.Б. және Нуралиева К.С. оқушыларға арнайы презентациялар, сөзжұмбақтар мен кестелер, кітаптар көрмесін дайындады.

Оқушылар тапсырмаларды орындау, топта жұмыс жасау барысында қызығушылық танытып, танымдық сағатқа белсене қатысты.

Қазақтың ұлы жазушысы, қоғам және мемлекет қайраткері, Қазақ КСРҒА-ның академигі Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің туғанына 125 жыл толуына орай, Титов атындағы №20 мектеп- гимназиясының 9 сынып оқушылары арасында «Тіл білгірлері» сайысы ұйымдастырылды. «Тіл білгірлері» сайысының мақсаты- ұлы қазақ жазушысының өмірімен және шығармашылық қызметімен таныстыру.

5 қыркүйек күні 1-9 сыныптар бойынша «Абайлаңыз, балалар!» атты жолда жүру ережесінен тәрбие сағаттары өткізілді. Өткізудегі мақсат: оқушыларды жолда жүру ережесімен таныстыру, жол қауіпсіздігін есте сақтауға, жол ережесінің белгілерін үйрету болып табылады. Әр сынып өзіне берілген тақырып аясында сыныптарымен жолда жүру ережесі бойынша сұрақ-жауап, фотосурет желісі бойынша әңгіме құрап, көріністер көрсетіп, стенгазеттер ұйымдастырылды. Оқушылар өте белсенділікпен қатысты. Барлық сыныптар тәрбие сағатын жоғары дәрежеде өтті.

Қазақстан Республикасының тілдер мерекесі күні қарсаңында ұйымдастырылған апталықта Жас мамандар арасында Зейнолла Қабдоловтың туғанына 95 жыл толуына орай, жазушының «Сөз өнері» оқулық- монографиясындағы эссе жазуға қойылған талаптары ұсынылып, таныстырылды.

«Сөз өнері» кітабында жазылған эссе жазуға қойылатын талаптарға сүйене отырып эссе жазу барысында: нәзік сезімталдық пен жіті бақылағыштық, творчестволық фантазия мен интуиция, парасат пен шеберлік және шалқыған шабыттың қажет екені, бұлар болмайынша эссенің әсерлі болып шықпайтыны жайлы айтылып, талқыланды.

Сонымен қатар аталған іс-шараға жауапты мұғалімдер Әшірбай Айнұр мен Омарова Аяужан жас мамандардың ой-пікірлерін тыңдап, оларға бағыт-бағдар көрсетті.

Жаңа оқу жылының басталуына орай 17.09.2022 ж. күні жаңа форматта ұйымдастырылған жалпы ата-аналар жиналысы болып өтті.

Күн тәртібінде

1. «Бала біздің болашағымыз» тақырыбында баяндама.
2. 2022-2023 жаңа оқу жылындағы оқу үдерісіне енгізілген өзгерістер туралы.
3. Мектептің ішкі тәртіп ережесі.
4. Құқықбұзушылықтың алдын-алу және оқушылардың қауіпсіздігі туралы.
5. Аутоагрессия мен тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын-алу. Мектептің психологиялық қызметінің жұмысымен таныстыру.
6. Әртүрлі мәселелер.

Ата-аналар жиналысының көздеген басты мақсаты – бала тәрбиесіндегі ата - ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіру, әр отбасының бала тәрбиесіне белсене қатысуының маңызын арттыру, баланың жақсы әдеттерді бойына сіңіріп өсу жолдарын ата-аналармен бірлесе қарастыру болды.

Мектеп директоры Дәрмен Дана Жүсіпқызы жиналысты ашып, 2021-2022 оқу жылындағы мектептің жетістіктер мен жаңа оқу жылында ендірілген өзгерістерді және мектептің алға қойған мақсат, міндеттерімен ата-аналарға таныстырып өтті.

Күн тәртібіндегі барлық мәселелер толығымен қамтылып, қарастырылды.

Ата-аналар мектепке қатысты сұрақтарын қойып, көңілдеріне қонымды жауаптарын алып, мектеп әкімшілігі мен ұжымға толағай табыстар тіледі.

«ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСІ»

19.09.2022күні «Қамқоршылық кеңесінің» отырысы болды. Жиналысқа «Қамқоршылық кеңесінің» төрайымы Бербердиева Кульбахрам Керимбековна, «Аманат» партиясы Шымкент филиал төрағасының орынбасары Тулегенов Бекайдар Мусаевич қамқоршылық кеңес мүшесі, ТЖ басқармасының бас маманы Аяпов Жанғали Алибекович қамқоршылық кеңес мүшесі, Борзенко Максим Евгеньевич қамқоршылық кеңес мүшесі, Ергубеков Құлбек Сасенович «Егеменді Қазақстан» газетінің журналисті, ОҚМПИ профессор, қамқоршылық кеңес мүшесі, қамқоршылық кеңес мүшесі Нишанбаев Элбусин Абай ауданы аға инспекторы, қамқоршылық кеңес мүшесі Чуманов Данияр Давранбекович, қамқоршылық кеңес мүшесі Федосова Наталья Рузиковна, «Өнер» Баспа орталығы, қамқоршылық кеңес мүшесі Белоусова Наталия Владимировна және мектеп әкімшілігі қатысты.

Күн тәртібінде:

Мектеп директоры Дәрмен Дана Жүсіпқызы Қамқоршылық кеңесі құрамымен танысты.

2021-2022 оқу жылының есебі.

2022-2023 оқу жылының қамқоршылық кеңестің құрамы мен төрайымын сайлау.

Өртүрлі мәселелер.

Мектеп директоры Дәрмен Дана Жүсіпқызы Қамқоршылық кеңес мүшелерінің алдында жаңа оқу жылы алдында дайындалған кабинеттер туралы оның ішінде логопунк пен инклюзивті сыныптарының ашылғанын атап өтті. Кеңес мүшелері жаңа оқу жылына

сәттілік тілеп, атқарылып жатқан іс-шараларға оң көзқарастарын білдіріп, бірлесе жұмыс жасайтындықтарын айтты.

«Медикер 4 К» акушер- гинеколог маманы А.Б.Аринова, 8-11 сынып қыздарымен «Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында кездесу өтті. Кездесу барысында оқушы қыздар өздерінің көкейіндегі сұрақтарын қойып, маманның ақыл кеңесін тыңдады.

ҚР рәміздерінің 30 жылдығы және 25-қазан Ұлттық мереке Республика күнін атап өту қарсаңында Титов атындағы №20 мектеп-гимназиясы «Көк тудың желбірегені» эстафетасы ұлттық мерекені қайта жаңғырту мен ұлықтау мақсатында өткізілген іс-шараларын қорытындылау мерекелік жиыны өткізілді. Мерекелік жиында «Мемлекеттік рәміздер – ұлттық мақтанышым» атты суреттер мен бейнероликтер байқауы жеңімпаздарын марапаттап, арнайы концерттік бағдарлама ұйымдастырылып, 6-7 сынып оқушыларымен Рәміздерге арналған көпшілік флешмобымен аяқталды. Мемлекеттік мерекені тойлау оқушыларға Отанын құрметтеу мен патриоттық сезімін оятып, жігерлі көңіл-күй сыйлады.

Республика күніне орай 19-қазан күні «Өнер алды - қызыл тіл» дебаттық қозғалысының жоспарына сәйкес 7 сынып оқушылары аралығында «Мен өз елімнің азаматымын» тақырыбында мектепшілік жолдастық кездесу өткізді.

Пікірталас кезінде «Азамат» тобының мүшелері әлеуметтік желілердің жаңалықтарды таратудың негізгі көзіне айналғанын қолдамай, берілген ақпараттың тексерілмейтінін алға тартып, үлкен кісілер әлеуметтік желіге тіркелмеген болуы мүмкіндігін айтты. Және ғаламторға кіру мүмкіндігі кей жерлерде шектелетіндігін айтты. Ең ыңғайлысы теледидардан берілетін арнайы хабарлар және ғаламтордағы ресми сайттар деп көрсетті.

Ал «Дарын» тобының мүшелері белгілі журналистердің парақшаларындағы ақпарат тек сол журналистің көзқарасындағы ракурспен айтылатындығын, ол өзінің жеке пікірін айтатындығын алға тартты.

Үкімет пен оппозиция арасындағы мәселені талқылау қызықты әрі тартысты өтті.

Қосымша білім беру оқу салалық орталығының 2022 жылғы 10 қазандағы №60 хатына сәйкес және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Орта білім беру комитетінің Республика күнін мерекелеу жөніндегі іс-шаралар жоспарымен «Қыран елім-Қазақстан» мәнерлеп оқу байқауы ұйымдастырылды. Оқушыларды туған жерін, туған елін, халқын ардақтап өтуге үйрету мақсатында өткізілген іс-шара өз дәрежесінде өтті. Байқауға мектебіміздің 1-9 сынып оқушылары ат салысып, белсене қатысты.

Қосымша білім беру оқу салалық орталығының 2022 жылғы 04 қазандағы №37 хатына сәйкес, ҚР рәміздерінің 30 жылдығы және 25-қазан Ұлттық мереке Республика күнін атап өту мақсатында Республика күні қарсаңында «Көк тудың желбірегені» эстафетасы жоспарымен «Мемлекеттік рәміздер – ұлттық мақтанышымыз» тақырыбында суреттер байқауын ұйымдастырды. Байқауға мектебіміздің 8-9 сынып оқушылары ат салысып, белсене қатысты.

ҚР рәміздерінің 30 жылдығы және 25-қазан Ұлттық мереке Республика күнін атап өту мақсатында Республика күні қарсаңында «Көк тудың желбірегені» эстафетасы жоспарымен 1-11 сыныптар арасында бейнероликтер байқауы ұйымдастырылды. Ұлттық мерекені қайта жаңғырту мен ұлықтау мақсатында өткізілген байқауға мектеп оқушылары сынып жетекшілерімен белсене қатысты.

9-11 сынып оқушыларымен «ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталығының» маманы Жургенбаева Назира «АИТВ/ЖИТС-тің алдын - алу шаралары» туралы дәріс өткізілді. Кездесудің мақсаты - АИТВ/ЖИТС-тің және нашақорлықтың алдын алу және салауатты өмір салтын ұстанып жастарды спортқа баулу.

Оқушыларға АИТВ/ЖИТС алдын-алуы туралы шынайы ақпарат бере отырып, оларды қауіпсіз мінез-құлық дағдысына үйрету және АИТВ-мен өмір сүруші адамның құқықтарына құрмет көрсету жолдарын түсіндірді.

2022-2023 оқу жылында 7-қазан күні «Өнер алды - қызыл тіл» дебаттық қозғалысының жоспарына сәйкес 7 сынып оқушылар аралығында 2 топ құрылып, «Сабақта ұялы телефонды тиімді қолдану керек» тақырыбында дебаттық сайысы өткізілді. Бұл пікірталаста 7 сынып оқушыларынан құралған «Азамат», «Дарын» топтары оқушылары смартфондарды сабақ үстінде қолдану туралы өз ойларын айтып, сөйлеу мәдениетін, білім шеберлігін шыңдады. Осыған байланысты, дебат қатысушылары білімді ұрпақ құндылығына қатысты мәселені жан-жақты қарастырып, өз пікірлерін ортаға салды. «Азамат» тобы үкімет жағы болып, мәселенің жағымды тұстарын атаса, «Дарын» тобы оппозиция жағы болып, мәселенің жағымсыз тұстарын атап, пікірталасқа түсті, екі жақ біріне-бірі сұрақ қойып, сұрақтарға жауап беріп өз ойларын дәлелдей сөйледі.

Дублер күнінің жоспары бойынша оқушыларсабақ өткізді.

Шымкент қаласы «Әдістемелік орталығының» 05.09.2022жылы №1180 хатына сәйкес Мұғалімдер күніне арналған «Дублер күні» мектепте білім алушылардың өзін-өзі басқару күнін ұйымдастыруды тапсырды. Осыған орай Мұғалімдер күніне арналған «Дублер күні» мектепте білім алушылардың өзін-өзі басқару күнін өткізу туралы ережесімен Парламент мүшелері бекітілген.

Ұстаздар күні – бұл дәстүрлі, әрі бүкілхалықтық мереке. Ұстаз – ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухани бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Ұлы адамдардың да ұстазы болған, сондықтан болар, осы абыройлы міндетті атқарып жүргендерді халқымыз әрқашан ерекше құрмет тұтқан. 11-сынып оқушыларының ұйымдастыруымен мектеп ұжымына арналған мерекелік іс-шара өз дәрежесінде өтті.

Шымкент қаласы «Әдістемелік орталығының» 05.09.2022жылы №1180 хатына сәйкес Мұғалімдер күніне арналған «Дублер күні» мектепте білім алушылардың өзін-өзі басқару күнін ұйымдастыруды тапсырды. Осыған орай Мұғалімдер күніне арналған «Дублер күні» мектепте білім алушылардың өзін-өзі басқару күнін өткізу туралы ережесімен Титов атындағы №20 мектеп-гимназиясы Парламент мүшелері бекітілген жоспар бойынша мұғалімдердің сабақ кестесін 11 сынып оқушыларымен жалпы саны 60 оқушы барлық сабақтарын өткізді.

Азаматтардың әлеуметтік осал санатына қайырымдылық көмек көрсету мақсатында «Жанашыр жүрек» республикалық акциясы өтті. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Д.Конырбаеваның ұйымдастыруымен мектепшілік ата-аналар комитетінің төрайымдары және ата-аналар көмегімен азық-түлік себеттері және киім-кешек пен оқуға қажетті құрал-жабдықтарымен қамтамасыз етілді. Жалпы 10 отбасына көмек берілді, олар: көпбалалы, аз қамтылған, жартылай жетім және инклюзив сынып оқушыларына көмек

көрсетілді.

Мектеп әкімшілігі акцияға ат салысқан ата-аналар комитетінің төрайымы Дрантусова Елена Геннадьевнаға және 2В,Д,3А,Б,Д,4 Г,Д,5Е,6Д,6В, Ж,7 А, 8 В,Г,9 Д,Г,10 А,В, 11В сынып ата-аналарына жақынына қамқор, мейірімділік пен жанашыр бола білген ата-аналарға шексіз алғысын білдіреді.

Мектебімізде жаңадан келген көркем әдебиеттерге «Кітап - ең сабырлы ұстаз» атты кітап көрме апталығы өтті.

Мақсаты: Оқушыларды кітап оқуға баулу, кітапты көп оқуға ынталандыру, мәдениетті, парасатты ұрпақ тәрбиелеу сонымен қатар жаңа кітаптармен және жаңа авторлармен таныстыру. Кітапхананы балалар үшін ең мейірімді, рухани, ақпараттық, танымдық, орталық ету.

«Оқуға құштар ұлт» жобасы аясында ұйымдастырылған

«Каникулда кітап оқимыз» марафонында белсенділік танытып, электронды кітаптарды оқуды меңгеріп, терең білімімен, алғырлығымен «Ең көп кітап оқитын оқушы» номинациясының жеңімпаздары мен жетекшілері.

20 қараша – Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «Бала құқығы – адам құқығы» атты Республикалық онкүндігі ұйымдастырылды.

«Қосымша білім беру оқу салалық орталығы» 2022жылғы 11 қараша №101 хаты негізінде құрылған жоспарға сәйкес «Құқығым бар» тақырыбында 4-11 сынып оқушылары арасында эссе байқауын ұйымдастырды. 20 қараша – Халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында өткен байқауында үздік деп танылған оқушылар: 4 «Ә» Абдурасул А., Амантай А., Кумекбай Б., Жасұланқызы А.,Тажибаев Тимур 11 «А» сынып, Наруллаева Р. 6 «А» сыныбы, Нам А.8 «А» сыныбы, 11 «В» сыныбы Мелникова А. ,Байымбетова А, 9 «В» сыныбы.

«Қосымша білім беру оқу салалық орталығы» 2022жылғы 11 қараша №101 хаты негізінде құрылған жоспарға сәйкес балалардың құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері бойынша мемлекет іске асыратын іс-шаралар туралы хабардар ету мақсатында көп балалы ата-аналармен, ата-аналар қауымдастығымен «Бақытты ана- бақытты бала- бақытты ел» тақырыбында кездесу ұйымдастырылды.

«Балалық шақты бірге қорғайық» тақырыбында балалардың құқықтарын және Бала құқықтары туралы Конвенцияның баптарын түсіндіру мақсатында 8-11 сынып оқушыларымен Әл-Фараби ауданының ювенальді полиция бөлімшесінің инспекторы Палжанов Сәбит және мектеп инспекторы Қаныбек Русланмен кездесу ұйымдастырылды.

20 қараша – Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «Бала құқығы- адам құқығы» атты Республикалық онкүндігі аясында

5-8 сынып оқушылар арасында «Әр баланың құқығы бар» тақырыбында суреттер байқауы өтті. Байқауға оқушылар белсене атсалысты. Атап айтатын болсақ төмендегі оқушылар,сыныптар өздерінің шығармашылық жұмыстарын жоғары деңгейде көрсете білді: Рыжкова А. 7«Е», Островская А. 6«Д», Бегалықызы Д. 7«А», Акбарова А.7«Б», Суркова Е., Мяктова Л. 6«Ж», Беспалова Э.6«Д», Ким С.Ахметова А.6«Д», Мурзабаева С.6«Е», Попова К.6«Б», Исхаков А. 6«Г».

Сыныптар бойынша: 7«Е», 5«А»,7«Г»,8«А», 5«В», 7«Б»,5«Д»,5«Г», 6«А», 6«Е», 8«Д», 8«В»,8«Д»,8«Г» сынып оқушылары мақтау қағаздарымен марапатталды.

23 қараша күні Мектеп парламенті мен «Жас ұлан» ұйымының ұйымдастыруымен кезекті дәстүрге айналған «Дармарка - заттарға екінші өмір сыйла» акциясы өтті.

Дармарка сөзі – орыстың «дар», «благодарить» және «ярмарка» сөздерінің қосындысынан шыққан. Демек дармарка – әр адамның өзіне қажет емес затын апарып, оған екінші өмір сыйлайтын алаң. Мұндай шараға кез келген адам затын қойып кете алады және өзіне ұнаған нәрсені алуына мүмкіндігі бар.

Акция мақсаты: ескі заттарды қоқысқа тастамай, қажеттілікке жарату, үнемшілдікке тәрбиелеу

Іс-шараға 5-6 сынып оқушылары қатысып, дармаркаға қойылған заттарды оқушылар кеңселік заттарға алмастыру арқылы қажетті құрал-жабдықтарды жинады. Аталған іс-шара «Қайырымдылық жаса» акциясымен жалғасады.

«Жасөспірімдер мен жастар арасындағы қылмыстардың алдын-алуға бағытталған жоспары» негізінде «Жасөспірімдердің девиантты мінез - құлықты болдырмау себептері» тақырыбында 5-11 сынып оқушылары арасында сынып сағаттары өткізілді.

«Қосымша білім беру оқу салалық орталығы» 2022жылдың 2-желтоқсан күнгі №141 хаты негізінде 16-желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесін атап өту іс-шаралар жоспарына сәйкес «Өнерім саған, Тәуелсіз Қазақстаным!» атты мерекелік концерт, «Тәуелсіз елдің ұланымыз» атты сурет акциясы, «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» тақырыбында эссе байқауы, «Айбыны асқақ, тұғыры биік Тәуелсіз Қазақстан» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, «Тәуелсіздік- тірегім, Қазақстан жүрегім» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

«Қосымша білім беру оқу салалық орталығы» 2022жылдың 13-желтоқсан күнгі хаты негізінде оқушылар арасында шахматты насихаттау, зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту мен жандандыру мақсатында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік күніне орай 2-11 сынып оқушылар арасында мектепішілік шахмат олимпиадасын ұйымдастырып өткізді.

Кибербуллинг- әлеуметтік желілер, онлайн ойындар және лездік хабарламалар қосымшалары арқылы интернеттегі психологиялық зорлық-зомбылықтың бір түрі, қорқыту, қорлау арқылы жасалынатын буллинг және кибербуллингінің алдын алу мақсатында Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты Титов атындағы №20 мектеп-гимназиясы оқушылар арасында «Мы против буллинга» сурет салу акциясы өтілді.

2022 жылы қазақ халқының ақыны, екінші дүниежүзілік соғыс ардагері Жұмағали Саиннің туылғанына 110 жыл толды. Осы орайда қазақ тілі мен әдебиеті пәндері мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінің жұмыс жоспарына сәйкес бастауыш сынып оқушыларының қатысуымен ақын Ж.Саиннің шығармашылығына арналған «Рухты ақын» атты әдеби-танымдық іс-шара болып өтті. Мақсаты –өскелең ұрпақты ақын өмірі мен шығармашылығымен таныстыру, отты жырлары арқылы Отанды сүюге, елжандылыққа тәрбиелеу. Іс-шара барысында 3 сынып оқушылары ақын өмірінен мәлімет алып, көптеген өлеңдерін жатқа оқыды. Қалам мен қаруды қатар ұстаған ақынның соғыстан кейінгі өлеңдері негізінен, бейбіт еңбекті, колхозды ауылдың жаңа адамдарын, тың игерушілерді, ұлы халықтар достығы мен бейбітшілік жолындағы күресті, туған елдің табиғатын жырлауға арналған. Өмірдің өзекті мәселелерінің бәріне де үн қосып отырған ақын шығармалары қашан да жастарға патриоттық тәлім-тәрбиенің қайнар көзі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің Алғыс айту күніне арналған “Ризашылық - мейірімділік бұлағы” жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасы аясында 13.01.2023 жылы №20 мектеп- гимназиясында дебат клубының орыс Лигасы (жетекші В.П. Исмаилова)

Ұлттық пікірсайыс турнирінің мектепішілік іріктеу кезеңін өткізді. «Бұл палата өтірік айта алмайтын әлем қазіргі әлемге қарағанда жақсырақ деп есептейді» қарары бойынша өтті. Екі тарап та , парламент және оппозиция лидерлері мен спикерлер нақты аргумент келтіріп, өз пікірлерін білдірді. Парламент тарапынан Ершова В. мен Мейрбекова А., Ал оппозиция жақтан Бойко Т. мен Садыков Ж. жарысты. Нәтижесі бойынша: Парламент өкілдері жеңіске ие болды.

2023 жылғы 16 қаңтар күні «Мектеп Парламенті» өзін -өзі басқару ұйымының кезекті отырысы болып өтті. Отырыс барысында өткен І жарты жылдықтың жұмыстарын «SWOT» талдау жасау арқылы қорытындылап, парламент мүшелері мен мұғалімдер арасында ара қатынасын жақсарту мақсатында «Win-win» техникасын қолдану тренингі жүргізілді. ІІ жарты жылдықта жүргізілетін жұмыс жоспарымен таныстырып, жоспар бойынша өтетін іс-шаралар мен байқаулардың арнаулы бекітілген тақырыптарымен таныстырылды.

19.01.2023 жылы 7 «Г» сынып оқушылары қазақ тілі мен әдебиеті сабағында «Электронды кітапханадан Жюль Верн шығармасын оқыдым» тақырыбы аясында мектеп кітапханасына барды. Онда онлайн кітаптарды қалай тауып оқуға болады, онлайн емес, офлайн кітап оқудың пайдасымен, маңыздылығымен танысты.

Кітапханашы Нұржамал апай мектеп кітапханасының қазақша көркем әдеби шығармалармен толыққандығын айтып, жаңа кітаптармен таныстырды.

Ақын, ғалым, түркітанушы, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов айтқандай «Білімнің бас құралы – кітап», сондықтан кітапханаға жиі келуді әдетке айналдырған жөн екендігін алға тартты.

Ал пән мұғалімі Ажар Байдосқызы жазушы, көсемсөзші, драматург Ғабит Мүсіреповтің «Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тыйылсақ ой ойлаудан да тыйылар едік» дегенін айтып, уақытты кітап оқып,

тиімді пайдалануға шақырды. Өйткені кітап – ел мен жерді сүю, талапты кішіпейіл болуға, төзімділікке баулиды.

Кейін оқушылар кітап туралы мақал-мәтелдер айтып жарысты:

Кездесу соңында кітапханашы заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтің «Кітап – әр адамның өмірлік досы» деген сөзімен аяқтап, балаларды кітап оқып, кітаппен дос болуға шақырды.

«Әдебиеті бар ел ғана дербес ел бола алады» атты қазақ тілі мен әдебиет апталықтың ашылуына орай «Кітап әлемді бағындырды» атты акция болып өтті. Аталмыш акцияға 3 «А» сынып қатысты. Іс-шараға жауапты мұғалімдер: Сүлеймен А.С, Жакыпова А.Р, кітапхана меңгерушісі Артыкова Н.М.

Көрнекті жазушы Дүкенбай Досжанның туылғанына 80 жыл толуына орай №20 Титов атындағы мектеп- гимназияның 6 сынып оқушылары арасында әдеби танымдық іс-шара өткізілді.

Жауапты мұғалім: Мусабекова А.А. (25.01.2023ж.) Мақсаты: Д.Досжанның өмірі мен шығармашылығын таныстыру, оны жас ұрпаққа таныту. Көрнекілігі: Д.Досжанның суреті, презентациялық слайдтар.

6- сынып оқушылар арасында викториналық сұрақ- жауап ұйымдастырылып, өмірі мен шығармашылығы туралы көптеген мәліметтер берілді. Ол 1963-66жж. Алматы облыстық «Жетісу» газетінің әдеби қызметкері, 1966-75жж. Алматыдағы мемлекеттік «Жазушы» баспасында аға редактор, бөлім меңгерушісі, 1976-84жж. ҚР Баспа комитетінде аға редактор, бөлім меңгерушісі, 1984-91 жж. Қазақстан Жазушылар одағының әдеби кеңесшісі, 1992-94жж. «Жалын» журналында аға редактор, 1994-96жж. ҚР Авторлық және аралас құқықтар жөніндегі агенттіктің бөлім бастығы, 1996-2002жж. ҚР Ұлттық банк мұражайының директоры, 2002 жылдан «Мәдени мұра» - «Культурное наследие» журналының бас редакторы болып қызмет еткен. Шығармалары: «Жібек жолы», «Отырар», «Фараби», «Зауал», «Дария», «Табалдырығына табын», «Жолбарыстың сүрлеуі», «Кісі ақысы», «Мұхтар жолы», «Абай айнасы», «Ақ орда», «Үш тағдыр» және т.б. Бүгінгі іс-шарамызды қорытындылай отырып, Дүкенбай Досжанның нағыз көркемсөз шебері екеніне тағы да көзіміз жетті. Д.Досжанның туылғанына 80 жыл толуына арналған әдеби танымдық іс-шарамызды тамашалағандарыңызға рахмет.

«Әдебиеті бар ел ғана дербес ел бола алады» атты қазақ тілі мен әдебиет апталығында өткен Мұхтар Әуезовтің 125жылдығына арналған «Қазына қалдырған қаламгер» атты әдеби-танымдық кеші өтті. 6 «Г», 6 «Е» сынып оқушыларымен жүргізілді. Іс-шараға жауапты мұғалімдер: Мусабекова А.А., Ахметова У.М. Танымдық кештің мақсаты: Кітапхананың кітап қорын пайдалана отырып, Қазақстанның тарихымен, мәдениетімен және әдебиетімен тығыз байланысты атаулы және атаулы күндерді жариялау, қазақ әдебиетінің дамуына елеулі үлес қосқан ақындар мен жазушылардың шығармашылығын дәріптеу, ұлттық әдебиеттің рөлін арттыру болып табылады.

24-қаңтар күні «Қазақ тілі сабағында оқушылардың қызығушылығын арттыру арқылы білім сапасын көтеру» тақырыбында мектепішілік семинар өтті.

Семинарда мұғалімдер ашық сабақ өткізіп, оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында сабақта қандай әдіс-тәсілдерді қолданатынымен бөлісті. Сейтханова Б.Т. Ахмет Байтұрсыновтың туғанына 150 жылдығына орай 9-сынып оқушыларымен «А.Байтұрсынов – адамзаттың ұлы ұстазы» атты ашық сабақ өткізді.

Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жылдығына орай Мирзаева К.Э. және Сахова А.Б. 7-сыныпта «Мен жастарға сенемін» атты ашық сабақ өткізді. Мирзаева К.Э. оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру үшін оларды топқа бөліп, кластер толтыртып, оқушылардың сабаққа деген белсенділігін арттырды. Сахова А.Б. дәл осы тақырыпты заманауи технологияларды қолдана отырып, оқушылардың белсенділігін арттырды. Тапсырмаларды QR код арқылы жеке смартфондарына алған оқушылар оларды қызыға орындады. Сахова А.Б. сабақтың әр кезеңінде интерактивті құралдарды қалай қолдануға болатындығын көрсету мақсатында [PADLET.COM](https://padlet.com), [LEARNING.APPS](https://learningapps.org), [JOYTEKA](https://joyteka.ru), [JAMBOARD](https://jamboard.google.com), [GOOGLE FORMS](https://forms.google.com) сайттарында жасалған түрлі тапсырмалар берді.

Омарова А.М. 4-сыныпта «Көктемдегі өзгерістер» тақырыбында ашық сабақ өтті. Оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты қызықты тапсырмалар беріп, эстетикалық талғамға сай көрнекті құралдарды қолданды.

Семинарға қатысқан ұжым мүшелері сабақ өткен мұғалімдерге алғыстарын білдіріп, тәжірибе алмасу мақсатында өткізілген бұл семинардың маңызы зор екендігін айтты.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша «Кітап әлеміне саяхат» атты іс-шара 6-ж сыныбында ұйымдастырылды. Сынып жетекшісі Ахметова У. М. Кітапхана меңгерушісі Артыкова Н.М. **МАҚСАТЫ:** Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын қалыптастыру, кітап оқуға ынтасын арттыру, көпшілік алдында өз ойын еркін жеткізуге, тіл байлығын арттыруға ықпал ету; Кітаптың адам өміріндегі маңызын түсіндіру; Оқушыларды әдеби кітаптарды оқуға насихаттау арқылы олардың кітап оқуға сүйіспеншілігін арттыру.

Мектебімізде бастауыш апталығының қорытындысында, қазақ сыныптар арасында «Ынтымақты отбасы» сайысы өтті. Барлық қатысушы ата-аналармен балалар өте жоғары деңгейде өнер көрсетіп мақтау қағаздармен марапаттарға ие болды.

Бас жүлде 3 «F» сыныбы

1 орын 1 «Ә», 2 «F» сыныптары

2 орын 4 «Ә», 4 «F» сыныптары

Зорын 2 «Ә», 1 «F», 3 «Ә» сыныптары иеленді.

Бүлдіршіндердің «сыйластық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейтуде, үлкен - кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым - қатынасын дамытуда, әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеуде бүгінгі атаулы күннің маңызы ерекше. Назарларыңызға қазақ тілі пәнінің мұғалімі Жантасова Мадинаның ұйымдастыруымен дайындаған 1 «Д» және 3 «B» сынып оқушыларының «Алғыс айту – парызым» атты бейнеролигін ұсынамыз. Барша қазақстандықтарды Алғыс айту күнімен құттықтаймыз!

«Ризашылық - мейірімділік бұлағы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру мақсатында Алғыс айту күніне орай Шымкент қаласы Титов атындағы №20 мектеп-гимназияның қазақ тілі пән мұғалімдерінің арасында өткізілетін мектепішілік кездесу өткізілді.

Дебат АПФ форматында ойналды. «Қазақ тілінің қарқынды дамымауына жастар кінәлі» тақырыбын қозғаған парламент мүшелері жастардың орынды-орынсыз сленг, англицизмдерді көп қолданатынын алға тартты. Әлеуметтік желілерде де сауатты жазуға мүлдем көңіл бөлмейді, түсінсе болды емес пе деп біле тұра қате жазады деді.

Оппозиция мүшелері тілдің қарқынды дамуына жастар ғана емес, көптеген басқа факторлар да әсер ететінін алға тартты.

Кездесу қорытындысы бойынша үкімет болған «Ділмар» тобы жеңіске жетті

Отбасылық құндылықтарды сақтау, әкелердің бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру және құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында «Әкелер» клубының мүшелерінің қатысуымен кездесу өткізіліп, отбасылық тәрбиенің жақсы жақтары насихатталды. Әкелер кездесу барысында оқушыларға денсаулыққа зиянды және темекі өнімдері жайлы толық түсіндірумен қоса ұрлық, зорлық-зомбылықтың алдын-алу мақсатында баяндама жасап өтті. Қатысушыларды үлкенге құрметпен сыйластық қарым-қатынаста болуға шақырды.

Мақсаты: Оқушының бойына патриоттық сезім ұялатып, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсету, болашақ жастарымызды тәрбиелеуге шақыру.

Мектеп комитетінің жоспары бойынша 6-7 сынып оқушылары арасында «Жігіт сұлтаны-2023ж» байқауы ұйымдастырылды. Байқауға ер жігіттер белсене қатысып, өз өнерлерін, тапқырлық арын, шеберліктерін, спортқа бейім екендігін көрсетіп, көрермендерге ерекше көңіл-күй сыйлады.

Шымкент қаласы білім басқармасы «Қосымша білім беру орталығының» №305 хаты негізінде «Алғыс айту парызым» және «8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күні» мерекесіне сынып сағаттары өткізілді.

2023 жылы-қазақ халқы үшін басын тауға да, тасқа да соққан қазақтың біртуар ұлының бірі, әдебиет алыбы, жазушы Ғабит Мүсіреповтың туғанына 121 жыл толды. Қазақ халқының мәдениетінің, әдебиетінің дамуында жазушы есімі ерекше орын алады. Ғабит бар халықты талантына бас идірген жазушы, қоғам қайраткері, драматург, редактор.

Мектебіміздің қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша әдістемелік бірлестіктің сыныптан тыс жұмыстар жоспарына сәйкес пән мұғалімі Б.А.Аманованың ұйымдастыруымен 4 сынып оқушыларына арналған «Көркем сөздің зергері» атты іс-шара болып өтті. Іс-шара барысында балалар жазушының өмірі мен шығармашылығы жайында ақпарат алды. Қазақ әдебиетінің класигі Ғабит Мүсірепов барлық жанрда шығарма жазған, әрі ол шығармаларынан басы артық сөз таба алмайсыз. Оқушылар қазақ әдеби тілінің тазалығы үшін тынбай күрескен қайраткер Ғабит Мүсіреповтің қанатты сөздерін жатқа айтты. «Көркем әдебиет деген ең алдымен жанды сөз, тек ғана сыртқы емес, ішкі сөз...» деп Ғабіт өзі айтқандай, жазушының әрбір қанатты сөзі өскелең ұрпақты жақсылыққа, адамгершілікке, Отаншылдыққа, халықтар достығына баулитын қымбат қазына, рухани азық, сонымен бірге тәрбиелік мән-мағынасының да зор екендігінде дау жоқ.

Сонымен қатар, кеш соңында кітапханашы Н.М. Артыкова Ғ.Мүсіреповтың 121 жылдығына орай, портреттік кітап көрмесімен оқушыларды таныстырды. Мектеп оқушысының кітап оқу-әрекетін дамыту Қазақстандағы білімді жаңғыртудағы басым бағыттардың бірі екенін айтты. «Оқуға құштар мектеп» жобасының маңызды екенін баяндай келіп, оқушыларды белсенді кітап оқуға шақырды.

«Қосымша білім беру оқу салалық орталығының» 2023 жылдың 6 наурыз №316 хатымен жолданған жоспары бойынша Титов атындағы №20 мектеп-гимназия оқушылары 22 наурыз мерекесіне орай, «Құстар біздің досымыз» акциясына қатысып, өз қолдарынан құстың ұясын жасап зообаққа табыстап қайтты.

Кәмелетке толмаған балалар арасындағы және оларға қатысты жасалатын құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында білім ошақтарында түрлі форматта іс шаралар кешені ұйымдастырылып отырады. Осы тақырыптағы профилактикалық іс-шара 8-11 сынып оқушыларымен өткізілді. Іс-шараға Шымкент қаласы Әл-Фараби АПБ инспекторлары Қаныбек Руслан және Пажанов Сабит қатысты.

Кездесу барысында оқушыларға қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылық заңнамаларына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды баяндап, жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алу мәселелері бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Іс-шарада оқушылар мамандарға тақырып аясында сұрақтарын қоюға мүмкіндік алды. Мұндай басқосулардың жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алуға септігі мол.

Барша мұсылман әлемі тойлайтын - Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі қарсаңында 1-4 сынып оқушыларының қатысуымен «Мен қазақша сөйлеймін» атты сыныптан тыс іс-шара болып өтті. Бастауыш сыныптарындағы қазақ тілі пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен өткен іс-шараның мақсаты - мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, қазақ тілінің этносаралық қарым-қатынас тілі ретіндегі қызметін нығайту, мемлекеттік тілді еркін меңгерген оқушыларды ынталандыру. Іс-шара аясында танымдық викторина өткізілді, жатқа өлең, жаңылтпаш, мақал-мәтелдер айтылып, ұлттық аспап – домбырада күй тартылды.

«Қосымша білім беру оқу салалық орталығының» 2023 жылдың 6 наурыз №316 хатымен жолданған жоспары бойынша 1-11 сыныптарында «Қош келдің, Әз Наурыз!» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

Мектеп кітапханасында Наурыз мерекесіне арналған «Тарих-ғасырлар куәсі» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге Наурыз мерекесінің шығу тарихы, мазмұны мен мәнін ашатын, бата-тілектер, қазақ халқының салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы мен қолөнері, ұлттық киімдері мен тағамдары және де ұлттық ойындары туралы әдебиеттер қойылды.

Көрмеге мектептің барлық сынып оқушылары қатысты. Таныстыру барысында мектеп мұғалімдері: Қоңырбаева Н.Д., Омарова А.М., Жайылмысова Э.А. оқушыларға наурыз мерекесі туралы кеңінен айтып берді. Кітапхананың белсенді оқырманы 5 «Г» сынып оқушысы Касимова Ясмина өзінің арнайы дайындап келген «Наурыз» туралы докладын оқып берді. Кітапханашы Артыкова Н.М. көрмедегі кітаптарға жеке-жеке тоқталып, балаларды бос уақыттарында кітап оқуға шақырды.

«Қосымша білім беру оқу салалық орталығының» 2023 жылдың 6 наурыз №316 хатымен жолданған жоспары бойынша «Ұлы күні Ұлыстың басы болсын ырыстың» атты мерекелік іс-шарасы ұйымдастырылды.

Мерекелік іс-шарада ұлттық құндылықты дәріптеп, өскелең ұрпағымызға дәстүрімізді сақтау негізгі мақсатымен мектебімізде өткізілген концерттік бағдарламаға оқушылар белсене қатысып, қатысушылар өз өнерлерін көрсетті.

